

**Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" N 03/06 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 13 мамырдағы N 11/41 қаулысы. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 маусымда N 8-6-82 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 9 ақпандағы N 03/10 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2011.02.09 N 03/10 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2009 жылдың 6 наурызындағы Ел басының Қазақстан халқына "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" жолдауын орындау шаралары туралы" 2009 жылдың 6 наурызындағы N 264 қаулысына сәйкес, Сәтбаев қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" N 03/06 қаулысына (нормативтік акт 2009 жылдың 5 ақпанда мемлекеттік тіркеудің тізіміне N 8-6-77 болып тіркелген, 2009 жылдың 11 ақпанда Сәтбаев қалалық "Шарайна" газетінің N 11 (1688) жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ келесі мәтінде баяндалсын:

"3. Әлеуметтік жұмыс орнымен қамтылған азаматтардың орта айлық төлемінің мөлшері жергілікті бюджет есебінен 15 мың теңге көлемінде бөліну б е к і т і л с і н . "

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары М . С . М ә д и е в а ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

С.Т. Медебаев